

Айгерим Мейрхановна Байкулованың 6D010300–Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» атты диссертациялық жұмысына рецензенттің

ШКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Қазіргі уақытта қоғамдық және жеке сананың қарқынды дамуына сәйкес мемлекеттік құндылықтарды бағалауда тұлғаның даму ұстанымының, бағытының, қарым-қатынас жүйесінің жаңашалануына байланысты байқалып отырған әлеуметтік өзгерістер балалар мен жастарды тәрбиелеу үдерісіне жаңаша көзқарасты, олардың бойына инновациялық білім мен құзыреттіліктерді қалыптастыруды талап етеді. Өйткені, бүгінгі балалардың қоршаған ортаға деген көзқарасы бұдан ондаған жылдар бұрынғы ұрпақтардан анағұрлым ерекше.

Оның үстіне қазіргі уақыт – бұл бәсекеге қабілеттілік дәуірі. Бәсекеге қабілеттілікті шындайтын сапаның бірі – лидерлік болып саналады. Олай дейтініміз лидерлікке бәсекеге қабілеттіліктің негізін құрайтын топ жарып алдына шығу, топты соңынан ерте алу, топ алдында сенімді сөйлеу, мәртебесін көтеру, өзінің күшімен табысқа, сәттілікке жету, айналасына гуманистік шығармашыл идеяларға ие адамдарды біріктіре білу, ізгілікті қоғам жасауға үлес қосу сияқты сапалар жатады.

Сондай-ақ, қоғамның лидерлікке деген сұранысының күннен-күнге артып отырғаны шындық. Оған себеп саяси лидерлік, индустрия мен технологиядағы лидерлік, білім берудегі лидерлік бүгінгі күні әлемдік деңгейдегі мәселе болып отыр. Осы мәселені педагогика және психология мамандығы тұрғысынан зерттеудің, соның ішінде оқушыларды лидерлікке тәрбиелеуді теориялық тұрғыдан негіздеудің және оның технологиясын жасап, жалпы білім беретін мектептің тәрбие үдерісіне ендірудің маңыздылығы артады.

Оған қоса диссертациялық жұмыста жоғары сынып оқушыларының, яғни жасөспірімдердің лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің алынуы жұмыстың көкейкестілігін арттыра түседі. Олай дейтініміз балалардың жасөспірімдік шағында белсенділікке, ұжымшылдыққа, жекелікке, ұйымдастырушылыққа ұмтылысы басым болып, азаматтық позициясы қалыптасады. Яғни, осы жас кезеңінде балаларды көшбасшылыққа тәрбиелеу – орынды және дер кезінде қойылып отырған проблема.

Олай болса, А.М.Байкулованың қорғауға ұсынып отырған диссертациялық еңбегінің «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» тақырыбында жазылуы, оның өзекті мәселені зерттеп отырғандығын дәлелдейді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Диссертант зерттеу проблемасын шешу мақсатында зерттеу міндеттерін дұрыс қалыптастырған. Қойылған зерттеу міндеттерін шешу барысында оларға сәйкес ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1) жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің теориялық негіздерін айқындаған;

2) оқушы лидер ұғымының мәнін анықтаған. Оқушы лидер тұлғасының құрылымын жасаған және оны мазмұнды сипаттаған;

3) жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің мәнін анықтаған және оның құрылымдық мазмұнын жасаған;

4) жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің технологиясын жасаған және оны тиімді ендіруге бағытталған психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтаған.

Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы автордың лидерліктің болмыс теориясын, жағдаяттық теориясын, лидер рөлін анықтау теориясын, кешенді теорияны талдауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, «лидер», «лидерлік» ұғымдары қарастырылған шетелдік және республикалық ғылыми әдебиеттерді талдап қана қоймай, ондағы ойларды өз пікірімен нақтылай түсуі мен түйінді ұғымдарға өзінің анықтамаларын беруі де алынған бірінші нәтиженің негізділігін дәлелдейді.

Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің оқушы лидер тұлғасының құрылымын жасауда және оның мазмұнын жан-жақты ашып көрсетуде түркі ғұлама ойшылдарының еңбектері мен лидерлік түрлері, стильдері мен рөлдері қарастырылған психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасаған талдауымен қамтамасыздандырылады. Соның негізінде оқушы лидер тұлғасына авторлық тың анықтамасын беруімен негізделеді.

Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы автордың «даярлық» ұғымы зерттелген психологиялық-педагогикалық еңбектерге жасаған талдауымен, классикалық педагогикалық әдебиеттерді басшылыққа алуымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің мәнін айқындап, оған өз анықтамасын беруімен; мазмұндық құрылымын анықтап, олардың әр бірін ғылыми тұрғыда негіздеуімен; тәрбиелеу үдерісінің моделін жасауымен дәлелденеді.

Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы диссертанттың «білім беру технологиясы», «тәрбие технологиясы» қарастырылған еңбектерге жасаған талдауымен және жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу технологиясының мазмұнын жасауымен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, аталмыш технологияны практикаға ендіру бойынша психологиялық-педагогикалық шарттарды айқындауымен дәлелденеді.

3. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Бірінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы диссертант алыс, жақын шетелдердегі және республика ғалымдарының лидерлік теориясына және лидерлік мәселесіне арналған еңбектерді жан-жақты зерттеген. Нәтижесінде «лидер», «лидерлік» ұғымдарына өз түсініктерін берген. Және олардың өзара байланысын анықтаған. Диссертацияда осы ұғымдардың мәні мен мазмұны толық сипатталған. Әсіресе, лидерлікті зерттеуде оны *әлеуметтік-психологиялық құбылыс* деп, алдымен анықтап алуы және осы өзекті түйіннің диссертация бойы сақталып отыруы оның алынған жаңалығының құндылығына күмән туғызбайды (1-бөлім, §1.1.1).

Сондай-ақ, диссертант жоғары жасөспірім шақтағы оқушыларды лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің мүмкіндіктерін жас ерекшелік физиологиясы, психологиясы теорияларының негізінде сенімді дәлелдеген (1-бөлім, §1.1.2). Оқушылардың лидерлікке даярлығын тәрбиелеуде негізге алатын әдіснамалық тұғырларды гуманистік, жүйелілік, синергетикалық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық тұрғысынан айқындаған.

Екінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы докторанттың оқушы лидер ұғымының мәнін анықтауы болып табылады. Сондай-ақ, оның осы жаңалығының құндылығы болып оқушы лидер тұлғасы құрылымының алғаш рет жасалуы саналады. Осы мақсатта А.Байкулова оқушы лидердің бағытын, типін, атқаратын рөлін, лидерлік сапаларын анықтаумен шектелмей, олардың мазмұнын айқындаған, ғылыми тұрғыдан саралап көрсеткен және жүйелі баяндаған (2-бөлім, §1.2). Диссертанттың ғылыми әдебиеттерде талданған 100-ден астам лидерлік сапалар ішінен жасөспірімдердің бойына сіңіруге лайықты түрлерін үлкен төрт топқа ұйымдастырушылық, коммуникативтік, тұлғалық, интеллектуалдық бөліп көрсетуі мен олардың мазмұнын жасауы А.Байкулованың екінші жаңалығының жаңа екендігін және оның зерттеу тақырыбын жете меңгергендігін дәлелдейді (2-бөлім, §1.2).

Үшінші алынған ғылыми нәтиженің жаңалығы – жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің құрылымдық мазмұны мен моделі алғаш рет жасалды. Осы тұста атап өтетін бір жәйт, А.Байкулова зерттеу барысында қалыптасқан зерттеулердегідей міндетіне модель жасау деп қоймайды. Ол өзіне күрделі жол таңдап аталған даярлықты кеңінен ашу мақсатында *тәрбиелеудің мәні мен құрылымдық мазмұнын жасау* деп алады. Ақиқатында аталмыш мәнді анықтау барысында оның толық мазмұнын ашып, құрылымын жасайды. Сол құрылымдық мазмұнында анықталған түйінді ойды біз айтып отырған модельге түсіреді. Ал бұл болса, автордың тақырыбын жетік біліп қана қоймай, зерттеу әдіс-тәсілдерінде де өзіндік қолтаңбасының бар екендігін танытады. Мұның осы бағытын ерекше қолдауға болады. Өйткені, бұл педагогикалық проблеманы зерттеуге тың көзқарас береді.

Сондай-ақ, автор модельдің әрбір мазмұндық компонентін жан-жақты зерттей отырып, ғылыми тұрғыдан саралап негіздеген. Мәселен, тұжырымдамалық-мақсаттық жиынтыққа мақсатын, әдіснамалық тұғырларын, түрткілерін енгізсе, диагностикалық жиынтыққа эмпирикалық,

авторлық, статистикалық әдістемелерді ендіреді. Ал мазмұндық, процессуалдық жиынтық аталған тәрбиелеу технологиясын қамтитын мазмұннан, әдістерден, формалар мен құралдардан тұрса, нәтижелілік – бағалау өлшемдерін қамтиды. Сондай-ақ, диссертацияда әрбір жиынтыққа жан-жақты сипаттама берілген (2-бөлім, §2).

Автордың үшінші жаңалығының жаңа екендігін жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын айқындайтын өлшемдердің, көрсеткіштер мен деңгейлердің алғаш рет жасалуы да дәлелдей түседі. Олардың мазмұнының автордың өзі жасаған оқушы лидер тұлғасының мазмұнына сәйкес келуі еңбектің теориялық мәнділігін күшейте түседі.

Төртінші ғылыми нәтиженің жаңалығы жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу технологиясының алғаш рет жасалуы болып табылады. Осы тұста да автор педагогикалық зерттеулерде қалыптасып қалған әдістемемен ғана шектелмей, тәрбие технологиясын зерттеуді міндет етіп қояды. Шындығында бұл дұрыс та. Өйткені, ғылымда да практикада да тәрбие әдістемесінің тәрбие технологиясы тұрғысынан дамып кеткеніне бәріміз куәміз. Оның үстіне автордың аталған тәрбие технологиясы құрамындағы даярлық кезеңдерін өзі айқындаған психологиялық-педагогикалық шарттарға сәйкес жүзеге асыруы және оны әдістемелік форма, құралдармен, тәсілдермен қамтамасыз етуі сенімді шыққан (3-бөлім, §1.1., §1.1.2). Оның үстіне автордың оқушы лидер тұлғасын анықтағанда айтқан идеясының даярлығын тәрбиелеу үдерісінде *лидерлікке бейімділік, лидерлікке даярлық және оқушы лидердің қалыптасуы* кезеңдерінен тұруы зерттеудің теориясы мен технологиясының біртұтастығын көрсетеді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертацияны Қазақстандық педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуымызға болады. Өйткені мұнда педагогика ғылымы тұрғысынан бүгінгі күндегі көкейкесті проблема алғаш рет теориялық-әдіснамалық тұрғыда шешімін тауып отыр. Сондықтан оның нәтижелерін оқу-тәрбие ісінің теориясы мен практикасында пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми еңбегі жарияланған. Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы автордың қазақстандық және шетелдік мерзімді ғылыми басылымдарда, нөлдік емес импакт факторлы журналдарда және халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында басылым көрген.

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертацияда жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар кейбір кемшіліктер бар:

1) Диссертанттың жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеудің психологиялық шарттарын өзін-өзі басқару, өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі жетілдіру деп анықтауы, орынды шыққан. Алайда, диссертацияда осы ұғымдардың теориясын кеңірек талдағанда еңбектің құндылығы артпаса, кемімейтін еді.

2) ізденушінің жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу технологиясын жүзеге асыру барысында жасаған «Біз – болашақ лидерміз» бағдарламасы ауқымды да жүйелі, тиімді жасалған. Осы бағдарламаның мазмұнын диссертациялық зерттеуде толықтай бергенде, еңбектің практикалық маңыздылығы бұрынғысынан да арта түсер еді.

3) диссертацияда ішінара стильдік, орфографиялық қателер кездеседі.

Осы айтылған кемшіліктер диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Бұл жұмыс педагогика ғылымы саласындағы зерттеулерге қойылған қазіргі заман талаптарын қанағаттандырады деп санаймын. Өйткені еңбекте ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыда үлкен маңызға ие бүгінгі күннің өзекті проблемасы жан-жақты шешілген. Байкулова Айгерим Мейрхановнаның «Жоғары сынып оқушыларының лидерлікке даярлығын тәрбиелеу» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитетінің талаптарына сәйкес орындалған. Оның авторы Айгерим Мейрхановна Байкулова 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық, деп есептеймін.

Рецензент:

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Жайтапова А.А.

